

Аудан халқының ішіндегі нысаналы топтарының тізбесін анықтау туралы

Қостанай облысы Аманкелді ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 3 наурыздағы № 52 қаулысы. Қостанай облысы Аманкелді ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 2 сәуірде № 9-6-110 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағы 13) тармақшасын басшылыққа ала отырып және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5-бабының 2-тармағына және 7-бабының 2) тармақшасына сәйкес Аманкелді ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан халқының ішіндегі нысаналы топтарының қатарына жататын тұлғалардың тізбесі қосымшаға сәйкес анықталсын.

2. "Аманкелді ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі аудан халқының ішіндегі нысаналы топтарға жататын тұлғаларды жұмысқа орналастыру шараларын ескерсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары С. Хайруллинге жүктелсін.

Аудан әкімі

С. Ахметов

КЕЛІСІЛДІ:

"Аманкелді аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы

М. Тобағабылов

"Аманкелді ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы

Ж. Сеилова

"Аманкелді ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы

Т. Карбозов

Ә к і м д і к т і ң

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

3

н а у р ы з д а ғ ы

№ 52 қаулысына қосымша

**Аудан халқының ішіндегі нысаналы топтарға
жататын тұлғалардың тізбесі**

Т а б ы с ы а з а д а м д а р ;
жиырма бір жасқа дейінгі жастар;
балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың
қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар;
кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғыздікті, көп балалы
а т а - а н а л а р ;

Қазақстан Республикасының Заңдарына белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты
күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар азаматтар;
зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға
е к і ж ы л қ а л ғ а н) ;

м ү г е д е к т е р ;

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар;
бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан
б о с а т ы л ғ а н а д а м д а р ;

о р а л м а н д а р ;

жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын бітірушілер;
жұмыс беруші-заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші-жеке тұлғаның
қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына
байланысты жұмыстан босатылған адамдар;
ұзақ мерзім (он екі ай және одан астам) жұмыс істемеген адамдар;
50 және одан үлкен жастағы адамдар.